



Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер әділет министрліктерінің ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 28 қаңтар N 97

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер әділет министрліктерінің ынтымақтастығы туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі
N 658 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің әділет министрліктерінің ынтымақтастығы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше-мемлекеттердің Әділет министрліктері,

халықаралық құқықтың жалпы танылған принциптері мен нормаларына сәйкес, құқықтық салада және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуде халықаралық ынтымақтастыққа зор мән бере отырып,

2002 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып,

Тараптардың өзара мүддесін білдіретін мәселелер жөнінде өзара іс-қимылын дамытуға ұмтылысын негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Ынтымақтастықтың жалпы принциптері

Тараптар өз құзыреттері шектерінде әрекет ете отырып және өз мемлекеттерінің заңдары мен халықаралық шарттарын сақтай отырып, осы Келісімге сәйкес ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2-бап

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Тараптар өз қызметтерінде мынадай негізгі бағыттар бойынша:
әділет саласындағы келісілген саясатты қалыптастыру және іске асыру;
жеке адамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды

қ а м т а м а с ы з е т у ;

әділет органдары мен мекемелерін басқару;
сот және басқа органдардың актілерін орындауды қамтамасыз ету;
қылмыстық жазаларды орындауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
соттар қызметінің белгіленген тәртібін қамтамасыз ету;
заң қызметін әдістемелік қамтамасыз ету;
азаматтық, отбасылық, қылмыстық және өзге де істер бойынша құқықтық
қатынастардағы құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттарға сәйкес
міндеттемелерді орындауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
құқықтық ақпараттық жүйелерді дамыту;

әділет органдары мен мекемелерінде актілердің тізілімдерін жүргізуді және тіркеуді
ұ й ы м д а с т ы р у ;

сот-сараптамасы мекемелерінде қазіргі деңгейде зерттеулер жүргізуді
ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

әділет органдары мен мекемелері үшін кадрлар даярлау және біліктілігін арттыру;
халыққа құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру;
өзара мүдделерді білдіретін мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу қызметі бойынша
ы н т ы м а қ т а с а д ы .

Тараптар Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше-мемлекеттердің заңдары
мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін үйлестіру және біріздендіру мәселелеріне
қатысты халықаралық міндеттемелерді іске асыру бойынша өзара іс-әрекетті жасайды.

Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетінің жанындағы
Әділет министрлерінің Кеңесі (бұдан әрі - Министрлер кеңесі) Тараптардың осы
бағыттағы қызметін үйлестіруші органы болып табылады.

Тараптар Министрлер кеңесінің материалдарын уақытылы дайындауға және оның
шешімдерін іске асыру жөніндегі тиісті шаралар қабылдауға міндеттенеді.

3-бап

Ынтымақтасу нысандары

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарының ережелерін орындау мақсатында
Тараптардың ынтымақтастығы, атап айтқанда мынадай нысандарда:
жұмыс тәжірибелерімен алмасу, соның ішінде танысу сапарларын, тағлымдама,

кеңесулер мен семинарлар өткізу арқылы;
заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ ведомстволық басылымдар мен әдістемелік материалдармен үнемі алмасу;
бірлескен ғылыми зерттеулер, ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, ғылыми жарияланымдар дайындау;
заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге ақпараттық қамтамасыз етуде, сондай-ақ әзірленетін нормативтік құқықтық актілер жобаларының мәніне қатысты саладағы құқықтық реттеу мен халықаралық ынтымақтастыққа шетелдік тәжірибе туралы материалдар ұсыну арқылы көмек көрсету;
әділет органдары мен мекемелері үшін кадрлар даярлау мен біліктілігін арттыруда, соның ішінде оқу курстары, тәжірибе жинақтау, лекциялар мен семинарлар өткізу, бірлесе оқу орындарын дайындау арқылы өзара іс-қимыл жасау;
Тараптардың қызмет мәселелері бойынша ақпарат, сондай-ақ өзара тиімді негізде оқу әдебиеттері мен ғылыми басылымдармен алмасу;
өз мемлекеттерінің қолданыстағы немесе қолданыста болған заңдары туралы ақпараттар беру туралы сұрауларды орындау;
нормативтік құқықтық актілермен алмасу жүзеге асырылатын болады.

4-бап

Ынтымақтастықтың дамуы

Осы Келісім Тараптарға осы Келісімнің 1-бабында көзделген талаптарды сақтай отырып, ынтымақтастықтың өзге де өзара тиімді бағыттары мен нысандарын анықтау мен дамытуда кедергі келтірмейді.

5-бап

Көмек көрсету туралы сұрау салу

1. Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық мүдделі Тараптардың немесе ұсынылып отырған жәрдемдесу немесе бірлескен іс-шаралар басқа Тараптардың немесе Тараптың мүддесін білдіруіне арналған деп ойлаған Тараптың бастамасы жөніндегі сұрау салулардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Сұрау салу немесе бастамашылық ұсыныстар жазбаша нысанда жіберіледі, алайда кідіріссіз жағдайда, оларды кейін міндетті жазбаша растау шартымен үш күн ішінде, мәтінді техникалық құралдарды пайдаланумен беруді қоса алғанда, олар а у ы з ш а б е р і л у і м ү м к і н .

Сұрау салудың түпнұсқасына күдік туған кезде оның расталуына сұрау салынуы м ү м к і н .

3. Көмек көрсету туралы сұрау салу мынадай:
егер ол белгілі болса, көмек көрсетуге сұрау салған органның және сұрау салынған

о р г а н н ы ң

а т а у ы ;

і с т і ң м а з м ұ н ы б а я н д а л у ы ;

сұрау салудың мақсаты мен негіздемесін көрсету;

сұрау салынған көмек көрсетудің мазмұнын жазу;

сұрау салуды тиісті түрде орындау үшін кез келген басқа да пайдалы ақпаратты
қ а м т у ы т и і с .

4. Көмек көрсету туралы берілген немесе расталған жазбаша нысандағы сұрау салуға, сұрау салған органның басшысы немесе оның орынбасары қол қояды және сұрау салған органның мөрімен куәландырылады.

6-бап

Көмек көрсетуден бас тарту

1. Көмек көрсету туралы сұрау салулар орындалғанда толықтай немесе жартылай, егер сұрау салған Тарап оны орындау оның мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе мәнді мүдделеріне залал келтіруі мүмкін не оның мемлекетінің заңдарына немесе халықаралық міндеттеріне қайшы келді деп таныса бас тартылады.

2. Сұрау салынған Тарап көмек көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарғанға дейін мүмкіндік болса, сұрау салынған Тарап қажет деп есептеген шарттарды сақтаған кезде көмек көрсете алатыны туралы мәселелерді қарау үшін сұрау салған Тараппен консультациялар жүргізеді. Қойылған талаптарға келіскен жағдайда, сұрау салған Тарап олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Сұрау салынған Тарап сұрауды орындаудың бас тартылу себебін көрсетіп, толықтай немесе жартылай бас тартылғандығы туралы жазбаша хабарлайды.

7-бап

Сұрау салуды орындау

1. Сұрау салынған Тарап сұрау салуды тез және мүмкіндігінше толықтай орындауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Сұрау салған Тарап сұрау салуды орындауға кедергі келтіретін немесе оның орындалуын ұстап тұрған міндеттемелер туралы тез арада хабарлайды.

2. Егер сұрау салуды орындау сұрау салынған Тараптың құзыретіне кірмесе, ол бұл туралы сұрау салған Тарапқа тез арада хабарлайды және оның өтініші бойынша өз мемлекетінің құзыретті органына береді.

3. Сұрау салынған Тарап өзінің пікірі бойынша сұрау салуды орындау үшін қажетті қосымша мәліметтер сұрауға құқығы бар.

4. Сұрау салуды орындау кезінде сұрау салынған Тараптың мемлекетінің заңдары қолданылады, алайда, сұрау салған Тараптың өтініші бойынша, егер бұл сұрау салынған Тараптың мемлекеті заңдарының немесе халықаралық міндеттемелерінің

негізі принциптеріне қайшы келмесе, оның мемлекеттің заңдары қолданылуы мүмкін.

5. Егер сұрау салынған Тарап сұрау салуды тез арада орындау оның мемлекетінде жүзеге асырылып жатқан қылмыстық қудалауға немесе өзге де іс жүргізуге кедергі келтіреді деп есептесе, ол сұрау салуды орындауды кейінге қалдыра алады немесе сұрау салған Тараппен кеңескеннен кейін қажет деп анықталған талаптарды сақтай отырып оның орындалуын байланыстыруы мүмкін. Егер сұрау салған Тарап ұсынылған шарттарда көмек көрсетуге келіссе, ол осы шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

6. Сұрау салынған Тарап сұрау салған Тараптың өтініші бойынша сұрау салудың келіп түсу фактісінің, осы сұрау салудың мазмұны мен оған ілеспе құжаттардың, сондай-ақ көмек көрсету фактісінің құпиялығын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қ а б ы л д а й д ы .

Сұрау салудың құпиялылығын сақтай отырып, орындау мүмкін болмаған жағдайда, сұрау салынған Тарап бұл туралы осындай шарттарда орындау мүмкіндігін шешетін сұрау салған Тарапты хабардар етеді.

7. Сұрау салынған Тарап қысқа мерзімде сұрау салған Тарапқа сұрау салудың орындалу нәтижелері туралы хабардар етеді.

8-бап

Алынған ақпараттар мен құжаттарды пайдалануды шектеу

1. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан алынған ақпараттар мен құжаттардың, егер олар жабық сипатта немесе егер беруші Тарап оларды жария етуді қажет деп таппаса, құпиялылығын қамтамасыз етеді. Осындай ақпараттар мен құжаттардың жабық болу дәрежесін беруші Тарап айқындайды.

2. Осы Келісімнің негізінде алынған ақпараттар мен құжаттар оларды берген Тараптардың келісімінсіз олар сұратылған және берілген жағдайлардан басқа өзге мақсаттарда, егер, оларды берген Тараптың мемлекетінде жалпы қол жетімді болып табылмаса, пайдаланылуы мүмкін емес.

3. Осы Келісімінің негізінде бір Тараптан алынған ақпараттар мен құжаттар үшінші тарапқа беру үшін егер, олар осы Тараптың мемлекетінде қол жетімді болып табылса және егер оларды беру кезінде осындай шарттар қойылмаса, оларды берген Тараптың алдын ала келісімі талап етілмейді.

4. Осы баптың ережесі сұрау салуды орындау нәтижесінде алынған құжаттар мен ақпараттарды, егер сұрау салушы Тараптың мемлекетінің заңдарымен осылайша әрекет ету міндеттілігі көзделсе, пайдалануды немесе жария етуді қоспайды. Сұрау салушы Тарап алдын ала сұрау салынған Тарапты осындай ақпараттар мен құжаттарды пайдалану немесе жария ету мүмкіндігі туралы хабар етеді.

9-бап

Шығыстар

Осы Келісімнің шеңберінде өткізілетін іс-шараларды қаржыландыру кезінде қабылдаушы мемлекеттің аумағында оларды ұйымдастыру бойынша шығындарды қабылдаушы Тарап, ал Тараптардың делегациясының келуіне байланысты шығындарды жіберуші Тарап өздері қамтамасыз етеді.

10-бап

Тілдер

Тараптар осы Келісімнің негізінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде орыс тілін пайдаланады.

11-бап

Ынтымақтастықты үйлестіру

Осы Келісім шеңберінде Тараптардың ынтымақтастығы жөніндегі іс-шараларды үйлестіру бір-бірімен тікелей байланысатын Тараптардың тиісті құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

12-бап

Жұмыс кездесулері мен консультациялар

Тараптардың өкілдері қажет болғанда, осы Келісім негізінде ынтымақтастықты нығайту және тиімділігін арттыру мәселелерін қарау мақсатында екіжақты да және көпжақты да деңгейлерде жұмыс кездесулері мен консультациялар өткізеді.

13-бап

Басқа халықаралық шарттарға қатысы

Осы Келісімнің ережелері Тарап мемлекеттерінің басқа да халықаралық шарттарынан туындайтын құқықтар мен міндеттерге нұқсан келтірмейді.

14-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

15-бап

Даулар мен келіспеушіліктерді шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

16-бап

Күшіне енуі

Осы Келісім 5 жылға жасалады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Бес жылдық кезең аяқталған соң, егер Тараптар өзгеше келіспесе, ол автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады.

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен депозитарий болып табылатын Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетіне дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабарлама жіберу жолымен шыға алады. Осындай Тарап үшін осы Келісім өзінің әрекетін депозитарийдің осындай хабарландыру алған күнінен бастап үш ай өткен соң тоқтатады.

2002 жылы _____ орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әділет министрі үшін

Б е л а р у с ь Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Әділет министрі үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Әділет министрі үшін

Қ ы р ғ ы з Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Әділет министрі үшін

Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

Әділет министрі үшін

Т ә ж і к с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң